

Саудбаев М.

Сүлеймен Демирел атындағы университет  
оқытушы**Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері және журналистикадағы жауапкершілік мәселелері**

Халықаралық органның анархиялық сипаты көптеген мәселелердің шығуына себепші болуда. Солардың бірі - Қауіпсіздік мәселесі. Қауіпсіздік мәселесі - халықаралық қатынастардың теориялық саласында да, практикалық саласында да жалпыға ортақ мәселелердің бірі. Бұл мәселе халықаралық саясаттану мамандарымен мемлекет қайраткерлерінің тіліне тиек болып жүрген өзекті әрі негізгі тақырып болып келді және бола бермекші. Өйткені, бұл тақырыппен халықаралық саясаттың барлық мәселесі тікелей байланысты. Адамзаттың даму тарихына үңілсек: тайпалар мен ұлыстар, этникалық топтар мен империялар және мемлекеттер арасындағы қақтығыстар мен бір - бірімен соғысы ұдайы жалғасып отырды. Сондықтан көптеген саясаткерлер мен ойшылдар, көрші мемлекеттер тарапынан төнген қауіп-қатерден елдің қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етуді және оларға қалай тойтарыс беруге болады деп бас қатырған. Сөйтіп, әскерлердің қарулану жүйесінің жаңа түрлері, жаулап алудың жаңа стратегиялық жобалары ұсынылды. Сондықтан мемлекет өмір сүріп тұрған кезде оның қауіпсіздік мәселесі ешқашан түбегейлі шешіліп бітпейді, қайта ел тізгінін ұстап отырған басшылардың саяси сауаты, ерік - жігері мен парасаттылығына тікелей байланысты болады. Бұл әсіресе, қазіргі жаһандану үрдісінің қанат жайған тұсы, яғни "қоғамды демократияландыру, нарықтық экономикаға көшу және ашық қоғам қалыптастырумен елді ақпараттандыру акцияларының жүруі тұсында болатын оқиғалар. Бұл акциялар мемлекеттің дамуына үлес қосатынындай оның құлдыруына да себепші болады. Өйткені, осы жаһандану үрдісімен бірге халықаралық терроризмнің дамуы, жаппай қырып - жоятын қару - жарактың таралуы, ұлттық болмысына кері әсерін беретін және елдің ұйытқысын қашыратын ахбарлардың таралуы мемлекетті құлдыратып жіберері анық.

Бүгінде барлық мемлекеттің алдынан көлденең шығып, бас қатыртып отырған көкейкесті мәселелердің бірі осы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселесінің толыққанды зерттелмеуі және оған нақты анықтама берілмеуі - бүгінде көптеген түсініспеушілік пен өзекті мәселелердің туындауына себепші болып отыр. Сонымен қатар, әлемдік қауымдастықтар да, жекелеген мемлекеттердер де ақпараттық технологияның қарқынды дамуына сай ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмай отырғандарын мойындауда.

Ақпараттық қауіпсіздік бүгінде стратегиялық маңызға ие. Өйткені, оны кейбір батыс ғалымдары тек ақпараттық қауіпсіздік деп қана емес, сонымен қатар оның маңыздылығын "халықаралық қауіпсіздік" немесе "ұлттық қауіпсіздік" мәселелерімен қатар қояды. Басқаша айтқанда, әлеуметтік-экономикалық саладағы үлкен саясат десекте болады. Себебі, ақпарат жекелеген адамдардың санасына тіпті, қоғамдық пікірге және қоғамның тұрақтылығына тікелей әсер ететінін ежелден білеміз.

"Қырғи-қабақ соғысы" кезінде, әлемнің екі жағында орналасқан, екі жүйедегі елдердің яғни капиталистік жүйе мен социалистік жүйедегі елдердің арасындағы бір - біріне қарама - қайшы саясат жүргізгені мәлім. Бақталастық пен бәсекелестік көбіне - көп жаңа және сонғы үлгідегі қару-жаракты өндіруде жүрді. Қару - жаракты екі жақта тоқтаусыз өндірілуі екіжүйе арасында әскери қақтығыстардың басталып кетуі қауіп ұдайы туғызып отырды. Социалистік елдер капиталистік елдерден және капиталистік елдер социалистік елдерден ешқандай кем емес екендігін дәлелдеу үшін өндірілген қару - жаракты сынақтан өткізу мақтаньшқа айналған - ды. Сол сынақ алаңдарының бірі әрі Азия елдеріне шығатын дарбаза - Ауғанстан. Ауғанстанға үстемдік орнату әлемде үстемдік орнату мен пара-пар еді. Дегенмен, екі жүйе арасындағы соғыс тек қару-жарак саласында ғана емес сонымен қатар ақпараттық салада да жүріп отырды. Кезінде ақпарат қаруы болған АҚШ-тың "Азаттық Радиосы" мен "Америка даусы", КСРО-ның Шығыс еуропа елдеріне тараған ОИРТ пен

"Радио Маягі" және т.б ақпарат құралдары осының айғағы болса керек. Осы ақпарат құралдарының барлығының көздеген мақсаты өздерін мақтап, өзгенікін даттау және өз ойларын үшінші денгейдегі елдерге таңу еді. Бұл көрініс 2008 жылы сегізінші тамыз күні Гүржістан мен Ресей арасындағы әскери қақтығыста да нақ байқалды. Батыс ақпарат құралдарының үстемдігі жүретін аймақта, мейлі ол Польша болсын, мейлі ол Жапония болсын Ресей агрессор-залым. Ал, Ресейдің ықпалы жүретін ақпараттық кеңістікте керісінше Грузия залым. Байқасаңыз, "Қырғи-қабақ соғысы" ақпарат құралдарымен әлі де жалғасуда деген сөз.

"Қырғи - қабақ соғысы" аяқталғалы үстіміздегі жыл құдай қаласа жиырма жыл толады. Бірақ, ақпараттық майдан бұрынғы кездегіден әлдеқайда күрделіленіп кетті десек артық болмас. Өйткені, "Қырғи - қабақ соғысы" аяқталысымен үшінші әлем елдерінің алдына тағы бір күрделі жаһандану мәселесі көлденең шықты. Ал, жаһандану кезеңінде артта қалған мемлекеттер, рухани азғындыққа ұшыраған және салт - дәстүрінен ажыраған елдер дамыған мемлекеттер ырқында кетіп, соларға сіңіп кетпеуіне кім кепіл? Халықаралық аренада енді - енді тәй - тәй басқан жаңа мемлекеттер күйі әрине темір тордан ұшқан құстай қай жаққа ұшары белгісіз еді. Міне, дәл осы кезде дамыған мемлекеттердің алдына қойған мақсаты - өмірге жаңадан келген мемлекеттердің қолынан ұстап, өз ырқымен жүргізу еді. Ұран белгілі - демократия, сөз бостандығы және адам құқығы. Әсіресе, аузын айға білеген алпауыт елдер Каспий теңізі аймағындағы мемлекеттерге қызығушылығы мен ықылас - жігері ерекше. Себебі, Каспий теңізінің өзі де, асты да табиғи ресурстарға бай болуы. Осы мақсатқа жетудің ең оңай әрі шығынсыз жолы - қоғамдық сананы жаулау. Бұл бұқаралық ақпарат құралдары мен сол елдің ақпараттық кеңістігін және ақпарат саясатына иелік етуімен тікелей жүзеге асатыны белгілі.

Қазақстанға келсек, еліміз тәуелсіздік алуымен ойымыз да, сөзіміз де құдайға шүкір тіліміз де еркіндік алды. Қайда барамын, нені айтып, қалай жазамын десең өз еркің өзінде. Бәріде БАҚ өкілінің қабілеті мен шеберлігіне байланысты. Десекте, ақпараттық айдынды онша игере алмай келе жатқанымыз белгілі. Бұған себеп, ең бірінші, сыртқы күштің әсері болса, екінші, отандық өнімнің нашар болуы. Үшінші, еліміздегі өз пайдасын ойлаған медиа магнатсымақтар. Қазіргі парламент қоржынынында талқыланып жатқан "БАҚ туралы заң" жобасыда осы үшеуінің арасында талас туғызып отыр десек жасырын емес. Әрине демократиялық қоғамда кез - келген заң жобасын үлкен айтыс - тартыспен, қызу талқымен, өткір пікір таласпен қабылданатыны белгілі. Алайда, әрбір заң сол елдің салт - дәстүрі мен ұлттық болмысы мен менталитетіне орайластырып қабылдау керектігінде ешкімнің дауы болмас. Ендеше "БАҚ туралы заң" ешкімнің емес жалғыз мемлекеттік мүддені көздеуі тиіс. Осы орайда әлемге демократияның символы болып танылған және дүние жүзі мойындаған ең алдыңғы дамыған елдер қатарына жататын Америкадан ғибрат алсақ. Оларда әрбір журналист мемлекеттік мүдде - АҚШ-тың мүддесі және жеке мүдде президент, сенатор мен басқада қайраткерлер мен жеке іскерлердің мүддесінің ара-жігін жақсы ажырата білген. Сондықтан, қандайда бір оқиға Американың абройына қайшы келсе, онда оны жеріне жеткізе делелдеп, оған қатысты кінәлі адамды барлығы жабылып, жұрт алдында аяусыз әшкерелейді. Мемлекеттік мүддеге титтейде болса, қылау түсірген адамды қия бастырмай алқымға алып, заңмен құдалайды. Мәселен, Кезінде әлемді дүр сілкіндірген Б.Клинтонның Ливинскиймен болған оқиға, Дж. Буш президенттігі тұсындағы Буш әкімшілігінің Иракқа қатысты әскери саясатына және онда жұмсалған қаражатқа байланысты болған дау-дамай. Яғни, АҚШ - тың идиологиясы - мемлекеттік мүдде.

Бізше ше? Бізде шыны керек журналистеріміз бұл жағынан шорқақтау. Кейде мемлекет мүддесіне қайшы келетін мақалалармен материалдарды жариялап жатады. Бұл әсіресе оппозицияның парқына жете білмеген оппозициягерсымақтармен шетелдің қаржысымен күнін көріп жүрген тәуелсіз басылымдар және шетелдің елімізде таратылатын ақпарат құралдарынан байқауға болады. Міне, соларға Қазақстанның ұлттық мүддесімен оның азаматарның мүддесін жік-жігімен талдап, айырып беру керек.

Тағы бір айта кететін жайт, жоғарыда айтылып өткен ақпараттық қауіпсіздік мәселесін толыққанды игеру. Яғни халық санасын улап жастардың

болашағына балта шабатын, түрлі-түрлі ақпараттарға соның ішінде порнографиялық кинолар мен газет журналдар былай тұрсын, Ресей ақпарат құралдарынан тарап жатқан ұлттық болмысымызға жат бейне клиптер, телесериалдармен фильмдерге шектеу қою қажет. Статистикалық ақпараттаға сүйенсек, Алматы қаласының тұрғыны бір күнде, таң атқаннан кеш батқанға шейін, кино мен бейнефильмдерді қоспағанда, әр түрлі жанрларда (қайталауымен) 49 сериал көреді екен. Ал, ол үйінде "АлмаТВ" болса, 22 арнадан оның саны 76 жетеді екен. Социолог ғалымдардың айтуынша, бір ұлттың салт- дәстүрін нығайтып, қуатты мемлекет әрі рухы күшті елге айналдыруда теледидардың рөлі 60-70% екен. Сонымен жаһандану кезеңінде ұлтымыздың көркейіп, еліміз өркендесін десек, онда еліміздің ақпарат саясатын және ақпарат кеңістігін жақсылап қолға алып, өзіміз игеруіміз қажет.

#### Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. Алматы, 2003.
2. Абенев Е.М., Арынов Е.М., Тасмагамбетов И.Н. Қазақстан: эволюция государства и общества. Алматы, 1996.
3. Бжезинский З. Великая шахматная доска, М., 1998.
4. Омашев Намазалы. Ақпарат әлемі: Таңдамалы шығармаларының көп томдығы.- Алматы: Қазығұрт, 2006 .
5. Омашев Намазалы. Жаһандану және журналистика. Алматы: Қазығұрт, 2006 .
6. Жақып Бауыржан. Публицистикалық шығармашылық негіздері.

#### Резюме

*В этой статье рассмотрены некоторые вопросы из политических решений, необходимых для уточнения распространения высокого уровня информационно-контроль политики в осуществимые политики управления доступом. Политика информационной безопасности, которые обсуждались в связи с совершенствования политики информационной безопасности включают цели, детализации контроля, полномочия и атрибуты политических решений.*

#### Resume

*This article has reviewed some of the policy decisions necessary to refine a high-level information dissemination/control policy into an implementable access control policy. Information security policy issues that were discussed with regard to policy refinement include information security objectives, granularity of controls, authority, and policy decision attributes.*

#### Özet

*Bu makalede politikası kararlarının uygulanabilir bir erişim kontrol politikası içine üst düzey bir bilgilendirme/kontrol politikası geliştirmek için gerekli bazı gözden geçirdi. Politika arıtma konusunda tartışıldı Bilgi güvenliği politikası konularında bilgi güvenliği hedefleri, denetim otoritesinin parçalı ve politika karar nitelikleri vardır.*